



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ауызша сөйлеудің дамуы





Естеріңізге сала кетейін, бұл дәрістердің топтамасы Лев Семенович Выготскийдің «Ойлау мен сөйлеу» атты монографиясының негізінде дайындалды. Сондықтан, аталған тақырыпты талқылау барысында өзге де зерттеуші ғалымдардың пікірімен қатар, негізгі басымдықты Л.С.Выготскийдің ауызша дамуы, соның ішінде балалардың ауызша сөйлеуінің дамуы тұрғысында айтқан негізгі ойларына бердік.

Ауызша сөйлеудің дамуы шартты рефлексдер іліміне тән. Ол мінез-құлық қалыптасуының механизмі қалай жүретінін бақылау мен осы құбылыстарға деген көзқарасты оларға деген психологиялық тұрғымен салыстыру үшін ең қолайлы құбылыс деп санайды автор. Ауызша сөйлеудің дамуы баланың мәдени тәжірибесі жинақталуының негізінде жатқан, мәдени мінез-құлқының маңызды функциясының бірі. Осы тақырып өте маңызды болғандықтан, Выготский өз зерттеуін бала мінез-құлқы дамуының нақты жақтарын қарастырудан бастаған.

Біздің шартсыз рефлексдер туралы еңбектерге сәйкес, нәрестенің дауыс реакцияларында бір ғана шартсыз рефлекс емес, мүмкін, бір-бірімен өте тығыз байланысқан шартсыз рефлексдер қатары жатқаны шүбә келтірмейді. Дегенмен бала өмірінің бастапқы аптасында-ақ кез келген шартты рефлекске тән модификация жасалады.

Олар тек түрлі шартсыз ішкі қоздырғыштармен ғана емес, баланың түрлі туа біткен реакцияларымен бірігетін шартты стимулдары арқылы да жасалады. Түрлі жағдаяттарда қайталана отырып, осыларды шартты тітіркендіргіштермен бірігіп және осы жағдаяттар құрамына кіре отырып, баланың дауыс реакциялары өте ерте, тіпті өмірінің бастапқы аптасында шартты дауыс рефлексдеріне айнала бастайды.

Бала сөйлеуінің бірте-бірте дамуын монография түрінде жазуды алғаш мақсат еткен Ш.Бюлер 40-тан астам баланы жүйелі түрде бақылаған және сөйлеу дамуының барлық кезеңдерін бірізділікте көрсеткен. Мәселен, зерттеуші балада дауыс реакциясының пайда болуына байланысты сөйлеу көмегімен жүретін әлеуметтік байланыс реакциялары жасала бастайтынын көрсетті.

Выготский нәрестенің дауыс реакциясының қалай дамитынын толығырақ қарастыра келе, баланың шартты рефлексінің пайда болуының, зертханада келтірілген тәжірибедегі жолын қайталауға бейім екенін байқаған. Алғашында шартты рефлекс жалпыланған деп аталатын сатыда жекешеленген сигналға ғана емес, сондай-ақ бір-біріне ұқсас, осы сигналмен ортақ белгілері бар сигналдарға жауап ретінде пайда болады. Содан кейін реакция жіктеле бастайды. Бұл сигналдардың біреуі нақты жағдаятта басқаларына қарағанда жиірек кездесуіне байланысты жүреді. Нәтижесінде реакция тек таңдап алынған ықпалға байланысты пайда болады.

Мұндай жалпыланған реакция мысалдарының біреуі — баланың дауыс реакциясының анасы немесе асыраушысының түр-келбетіне қарай пайда болуы. Алғашында дауыс реакциясы кез келген адамның түріне қарай көріне береді, ал кейін ол жіктеліп, тек анасының түріне немесе тамақтануға қатысты жабдықтарға байланысты көрінеді. Мысалы, Ш.Бюлерге тамақтандырыр кезінде анасының күнделікті киетін халатын басқа біреу кигенде баланың дауыс реакциясын бақылаудың сәті түскен екен.

Баланың сәбилік шағындағы дауыс реакциясы туралы Выготскийдің айтқан тағы бір маңызды дерегі: көрсетілген реакция жеке дамымайды, әрқашан да реакциялардың бүтін тобының органикалық бөлігін құрайды. Балада ешқашан тек бір дауыс реакциясы пайда болмайды, үнемі ішінде дауыс реакциясы бір бөлігін немесе бір элементін құрайтын бірқатар қозғалыстар байқалады. Даму бұл жерде де шартты рефлексдер ілімінен-ақ мәлім жолмен жүреді.

Дауыс реакциясы нақты сыртқы әсерлермен байланысты болғандықтан, ол өзі құрамына кіретін ретсіз бүгіннен бірте-бірте дербес дауыс реакциясы бөліне бастайды. Лев Семеновичтің айтуы бойынша, бала өмірінің алғашқы жылында оның дамуы мына жолмен жүреді: құрамына дауыс реакциясы да кіретін көптеген ретсіз қозғалыстардан келе-келе жіктелген дауыс реакциясы бөлінеді. Нақ осы орталықтанған ұғымға ие бола бастайды. Қозғалыстардың бірқатары шығып қалып, тек дауыс реакциясына тікелей жанасатын иықтар, қолдар ғана қалады. Ең соңында дауыс реакциясы басқа реакциялар қимылдары фондында байқала бастайды да, өзге реакциялар арасынан анық ерекшеленеді деген қорытындыға келеді.

Бала өмірінің алғашқы жарты жылындағы дауыс реакциясы функциясының өзіндік ерекшелігін атап өту де маңызды. Физиологтар мен психологтар анық физиологиялық негіздері бар нәрестенің дауыс реакциясының екі маңызды функцияны бар екендігі деген ортақ пікірде.

Бірінші функцияның мәні психологтардың мәнерлі қозғалыстар деп атайтынымен байланысты. Бұл организмнің эмоциялық күйлерінің сыртқы көрінісі ретінде пайда болатын шартсыз инстинкт реакциясы.



Мәселен, ауырғанда балада рефлекторлы айқай, қанағаттанбағанда басқа сипаттағы реакциялар пайда болады. Мәнерлі қозғалыстар нені көрсетеді деген сауалға дауыс реакциясы баланың қоршаған ортамен тепе-теңдігінің немесе оның бұзылғанын айқындайтын жалпы эмоциялы реакциясының белгісі. Аш бала мен тоқ баланың айқайының айырмашылығын кім білмейді? Организмнің жалпы күйі өзгеріске түседі, мінез, осыдан эмоциялы реакциялар өзгерістері көрінеді: осы жағдайда дауыс реакциясы да өзгереді дей отырып, автор «дауыс реакциясы функциясының біріншісі — эмоциялылығы» деген қорытындыға келеді.

Дауыс реакциясы шартты рефлекске айналғанда пайда болатын **екінші функция** — әлеуметтік байланыс функциясы. Бала өмірінің алғашқы айында баланы қоршаған адамдардан шығатын дауыс реакциясына жауап ретіндегі арнайы, яғни тәрбиеленген дауыстың шартты рефлексі қалыптасады. Өзіңіз байқап отырғандай ғалым «тәрбиеленген дауыстың шартты рефлексі» деген тіркесті енгізеді.

Тәрбиеленген дауыстың шартты рефлексі эмоциялы реакциямен бірге немесе оның орнына баланың органикалық күйін көрсетуге қатысты және оның қоршаған адамдармен әлеуметтік байланысына қатысты рөлді орындай бастайды екен. Баланың дауысы оның сөйлеуінің немесе неғұрлым қарапайым формадағы сөйлеуінің орнына қолданатын құралы болады дейді Выготский.

Осылайша, Выготский өмірінің алғашқы жылында баланың сөйлеуі толығымен негізінен инстинкті және эмоциялы шартсыз рефлексстер жүйесіне негізделетінін айтқан. Олардан жіктелу жолымен азды-көпті дербес шартты дауыс реакциясы қалыптасады деген қорытындыға келеді. Осының арқасында реакцияның функциясы да өзгереді: егер бұрын функция баланың өзі көрсететін жалпы органикалық және эмоциялы реакциясының бір бөлігі болса, енді ол әлеуметтік байланыс функциясын атқара бастайды.

Әрине, баланың дауыс реакциясы әлі де сөздің толық мағынасындағы сөйлеуі емес. Бұл жерде Выготский артикуляцияланған, яғни дыбыс шығаратын сөйлеуге — баланың мәдени дамуы болып табылатын, бала сөйлеуінің дамуын дұрыс түсінудегі ең қиын кезеңге жақындағанын ерекше айтады.

Выготский сөйлеудің дамуындағы осы тұсына жақындау үшін бір маңызды жағдайды айтады: біз баланың дауыс реакциясы алғашында ойлаудан мүлдем тәуелсіз дамитынын көреміз. Бір жарым жастағы балада толыққанды, қалыптасқан сана мен ой болады деп есептеу мүмкін болмас. Егер бала айғайласа, оның айғайы мен айналасындағылардың содан кейінгі әрекеттерінің арасында не болып жатқанын ол өз тәжірибесінен біледі және оның айғайын біздің адамға әсер ету үшін жасалған ниетті әрекеттеріміз және мәліметтерімізбен салыстыруға болады деп айтуға болмайды дейді автор.

Осылайша, Выготский бала сөйлеуінің дамуының алғашқы фазасы бала ойының дамуымен ешқандай байланыспайтыны күмәнсіз: ол баланың интеллектілі процестерінің дамуымен де байланыспайды дейді. Ақыл-ойы артта қалған балаларды бақылау барысында дамудың осы сатысынан олардың да өтетінін байқаған. Эдинггер сондай баланың да дауыс реакциясын бақылай алған.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша, алғашында тек сөйлеу ғана ойлаудан тәуелсіз дамымайды, сондай-ақ ойлау да сөйлеуден тәуелсіз дамиды. Келер мен өзге де психологтар маймыл мен балаларға тәжірибелер жасаған. Зерттеушілер баланы маймылдың өз мақсатына жетуде қарапайым құралдар мен айналма жолды пайдаланатын жағдаятына қойғанда, 9—11 айлық балада маймылдарда көрінетін кейбір қарапайым реакциялар байқалған. Балалар да маймылдар тәрізді арқанды немесе таяқты қолданады, өздеріне нысананы жақындату үшін түрлі заттарды алады, қолдарымен не заттармен айналма жолдарды жасайды. Басқаша айтқанда, осы жас шамасында балада оның сөйлеу тәсілінен тәуелсіз қарапайым реакциялары пайда болады.

Алдыңғы бір дәрісімізде айтқандай, К.Бюлер 9—12 айлық баланың жасын шимпанзе тәріздес жас деп атайды, мұнымен ол осы жастағы балада шимпанзеде байқалғандай, алғашқы құралдарды қолдануы пайда болатынын көрсеткісі келді.

Осылайша, Выготский мынандай екі қорытындыға келеді.

Бір жағынан, сөйлеудің дамуы алғашында ойдың дамуынан тәуелсіз жүреді әрі алғашқы кезеңде дамуы өте артта қалған балаларда да, қалыпты миы бар балаларда да бірдей жүреді. Алғашқы кезеңдегі сөйлеу дамуының сипаты бізге белгілі барлық сәйкесті сатылардан өтетін шартты рефлексстердің құрылу бейнесін дәлелдей түседі. Демек, сөйлеудің алғашқы түрлері ойлаудан тәуелсіз пайда болады.

Екінші жағынан, 9—12 айлық баланың сөйлей алмайтын кезінің өзінде-ақ, құралдарды қарапайым қолдану әрекеттері пайда болады. Бұдан ой өз жолымен, сөйлеу өз жолымен дамиды деген әсер пайда болады. Бұл сәбилік шақтағы шамасында сөйлеу дамуы туралы айтуға болатын ең маңызды жағдай дейді автор өз еңбегінде.

Белгілі бір кезде әр жолмен жүрген осы желілер — сөйлеудің дамуы мен ойдың дамуы — айқасып,



кездескендей болады, және осы жерде даму желілері бір-бірімен қиылысады. Оймен байланысқан сөйлеу интеллектілі бола бастайды, ал ойлау сөйлеумен байланыса бастайды. Баланың мәдени мінез-құлқының барлық келешек тағдыры соған тәуелді болатын осы орталық кезенді түсіндіру қарастырып отырған дәрістің басты мақсаттарының бірі.

Осыған орай Выготский өз еңбегінде кейбір қысқаша бақылау туралы айтады. Енді соларға тоқталып өтейік. Ойлау мен сөйлеу дамуындағы ерекшеліктерді түсіндіретін алғашқы теорияны В.Штерн ұсынды, ол бала сөйлеуі дамуының толық ғылыми монографиясын жазған. Штерн қалыпты балаларда белгілі жас шамаларында (шама- мен 1,5—2 жас) оның ойлауы мен сөйлеуінің түйісуі болады деп тұжырымдады. Басқаша айтсақ, кенет өзгеріс болады, сонан соң әрқайсысының дамуы мүлдем жаңа желілермен жүре бастайды. Штерн бұл сөтті баланың өзінің барлық өмір үрдісінде жасайтын үлкен жаңалығы деп атады. Штерннің айтуынша, бала әр заттың аты болатынын, әрбір затқа сол затты білдіретін сөз сәйкес келетінін ашады.

Штерн 1,5—2 жастағы баланың мұндай жаңалық ашатындығын қайдан білген? Ол мұны негізгі үш объективті белгінің негізінде келтіреді.

Бірінші белгі. Ойлау мен сөйлеу желілерінің түйісуіне байланысты өзгеріс болған балада сөз қорының секірмелі түрде ұлғаюы басталады. Егер бірінші сатының сөз қоры 10—20 сөзбен шектелсе, енді кейде 2—3 ай ішінде ол 8 есеге өседі. Сонымен, бірінші белгі — сөз қорының секірмелі түрде ұлғаюы.

Екінші белгі. Балада алғашқы сұрақ қою кезеңі пайда бола бастайды: әлде бір затты көргенде бала қалай аталады, мынау не деп әр түрлі формада сұрай бастайды. Ересектер бұл затты әлі атамаса да, бала сол заттың атауы болуы тиіс екенін біліп тұрған сияқты болады.

Алғашқы екеуімен байланысты үшінші белгі — баланың сөз қорын меңгеру ерекшеліктерінің түбегейлі өзгерістері, бұл өзгерістер тек адамның сөйлеуіне тән және ол жануарларда болмайды. Аталған өзгеріс Штерннің осы кезде сөйлеу дамуындағы шартты рефлекторлық формадан басқа формаларға батыл өтеді деп пайымдауына негіз болды. Жануарлар да адам тілін үйрене алатыны жақсы белгілі, бірақ олардың үйренуінде белгілі шектеулер болады. Жануарлар айналадағы адамдар қанша сөз айтса, соншалықты ғана үйрене алады. Бірде-бір жануар ешқашан өзіне берілгеннен артық сөзді қолданған емес және ешқандай жануар айналасындағылар атамаған затты атай алмайды. Осылайша, жануарлар мен кішкентай балалардың сөз үйрену тәсілі сөз қорының ұлғаюы болып табылады. Жаңа сөз балада шартты рефлекс түрінде пайда болады: бала айналасындағы адамдардан сөзді естігенде, ол оны заттармен байланыстыруы тиіс, сонда ғана оны қайталай алады. Егер жас бала меңгерген сөздерді санасақ, онда айналадағылар қанша сөз берсе, сонша сөз үйренгенін байқауға болады. Сонымен, бір жарым-екі жаста шешуші өзгерістер болады: бала заттың қалай аталатынын өзі сұрайды және жетіспейтін сөздерді іздене бастайды, өзінің сөз қорын белсенді түрде кеңейте бастайды.

Сонымен, біз үш сәтті білеміз:

- 1) сөз қорының секірмелі түрде ұлғаюы;
- 2) баланың сұрақтар қою кезеңі («Мынау қалай аталады?» сауалының пайда болуы);
- 3) баланың сөз қорын белсенді түрде кеңейтуге көшуі.

Үшінші сәт баланың психологиялық даму кезеңдері арасында шек қояды: үшінші сәт бойынша баланың дамуында нақты өзгерістер болғанын немесе болмағанын айтуға болады.

Выготский «көрсетілген үш кезенді қалай түсіндіруге болады, бұл жерде сөйлеуде, атап айтқанда, үшінші белгіде не пайда болады деген сұрақтарды өзектендіреді?

Сұрақтарына жауапты келесіден табады. Осы кезеңдерді алғаш рет орнатқан В.Штерн мына теорияны ұсынады: бала әрбір заттың өз атауы болатынын түсінетін сияқты болып көрінеді. Біз шетел тіліне қандай көзқараста болсақ, бала да өз тіліне сондай көзқараста болады. Біз басқа елге бардық, тек бірнеше сөздерді ғана білеміз деп елестетіп көрейік. Жаңа затты көре салысымен, дереу «Мынау сіздерде қалай аталады?», «Мынау не?» деп сұраймыз. Штерн балада расында да жаңалық болады, мұндай жаңалықтар ақыл-ойы кем балада кеш байқалады, ал ақыл ой жығынан ауру балаларда мүлдем байқалмайды деп болжаған.

Осылайша, Штерн қарастырылған жаңалықты баланың ойлауының дамуына жатқызады және балада қарапайым шартты рефлексден бөлек өте күшті нәрсе бар деп топшылайды. Зерттеушінің айтуынша, бұл жерде белгі мен оның мағынасы арасындағы байланыс пен қатынасты жете түсіну жүреді. Штерннің пікірінше, бала белгінің мәнін ашады. Бұл пайымдау заттардың сыртқы фенотиптік ұқсастықтарынан шығып отыр. Бала өзін заттың мәнін ашқан сияқты ұстанады: осыдан барып, бұл расында да жаңалық



деген пайымдау жасалады. Бірақ дұрыс генотиптік зерттеу негізінде бірдей түрдегі қандай да бір процестің немесе құбылыстардың тек фенотиптік ұқсастықтары олардың бірдей екенін білдірмейтінін біз білеміз.

Выготскийдің ойынша, ең ақылға сыймайтыны — ойлауы өте қарапайым сатыда тұрған 1,5—2 жас шамасындағы баланың көптеген интеллектілі күш жұмсауды қажет ететін жаңалық ашуға қабілеттілігі. Сондықтан жас баланың осындай қиын психологиялық тәжірибиені иемденуі күмәнді әрі оның белгі мен мағына арасындағы қатынасты түсінуі де мүмкін емес. Тәжірибелер көрсеткендей, жасөспірімдер мен ересектерде ғұмыр бойы мұндай жаңалықтар ашудың болмайтыны жиі кездеседі, олар белгі мен оның мағынасы арасындағы қатынасты түсінбейтіндері сияқты, сөздердің шартты мағыналарын да түсінбейді. Керең-мылқау балаларды зерттеген К.Бюлер осы жаңалықтар мұндай балаларда кеш, яғни 6 жаста пайда болатынын көрсетті. Бұдан кейінгі тәжірибелер сөйлеуді үйреніп жүрген керең-мылқау балалардың мұндай жаңалық ашуы Штерннің пайымдауымен салыстырғанда төменгі деңгейде өтетінін көрсетті. Бұл жерде істің мәні баланың бір нәрсе ашуы мен оның тіл не деген сұраққа келуінде еді.

Бала дамуының алғашқы кезеңін зерттеген француз зерттеушісі А.Валлон баланың осындай «жаңалықтар» ашу мүмкіндігі өте аз деп санады, себебі бала сөзінің одан әрі дамуы шартты рефлекс типінде жүреді. Қарапайым мысал: Дарвиннің немересі үйректі «квак» деп атаған; одан кейін барлық құстарды да «квак» дейді. Сонан соң осы атаумен, үйрек суда жүзетіндіктен, бүкіл сұйықтарды осылай атаған; сүт те, дәрі-дәрмек те «квак» деп аталып кетеді. Егер бұрын бұл атау суда жүзген үйрекке ғана тән болса, енді тауық пен сүт те бір атауға ие болып отыр. Бұдан әрі бала бүркіт бейнеленген тыйынды көргенде, ол да осы мәнге ие болып «квак» атаған.

Осылайша, Выготскийде көптеген өзгерістерден тұратын ұзақ тізбекті ойлар туындайды. Сөздер бір шартты тітіркендіргіштерден мүлдем басқа деңгейдегі шартты тітіркендіргіштерге ауысып отырады. Мағыналардың осылай таралуы Штерннің қағидасын теріске шығарады. Егер нәресте барлық заттың атауы бар деп ойласа және сүттің өз аты, судың өз аты бар екенін түсінсе, онда тиынның, металдан жасалған түйменің, тауықтың бірдей аталуы, бұл заттар нәресте үшін әр түрлі рөл атқарғандықтан мүмкін болмас еді дейді автор.

Выготский осы жерде сыни көзқарасын көрсетіп, осы мәліметтер Штерннің топшылауларының аса қисынды емес екенін көрсетеді. Штерн бала сөйлеуінің дамуындағы жалпы идеалистік дәстүрге сүйене отырып, бала санасының дамуында рухани бастаудың белсенді орын алатынын айтады. Штерннің айтуынша, сөйлеудің материалдық және әлеуметтік түбірлерімен қатар, оның рухани жақтарын да бекіткісі келеді. Осы жерде бала бір нәрсе «ойлап табады» деген болжам шығады. Бірақ дыбыс шығара бастаған балада осындай ізденістер болады деу сенімсіздеу. Балалардың тілінің шығуына байланысты есте сақтауы арналған — бір жарым-екі жастағы балалармен жүргізілген барлық тәжірибелер олардың сәби шағында мұндай жаңалықтарды ашу мүмкіндігінің деңгейі төмен екендігін көрсетеді дейді.

Сонымен, Выготский Штерннің жорамалын жоққа шығарады. Оның орнына басқа жорамал туындады: бала сөздердің мағынасын ашпайды, бала тек қана сөздердің сыртқы құрылымдық мағыналарын игереді, әрбір зат өз атауымен аталатынын меңгереді, сөз бен затты біріктіріп, осылайша затты білдіретін сөз заттың бір қасиетіне айналатындай тұрғыда меңгереді деген қорытындыға келеді.